


**2023 жылдың сәуір айындағы
іскерлік белсенділік туралы
ҚР ҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры
Рүстем Оразалиннің түсіндірмесі**

Сәуірде аздап баяулағанына қарамастан, іскерлік белсенділік оң аймақта қалып, **51,2%** болды (наурызда – 51,6).

Көрсеткіштің динамикасына өндірістегі индекс өзгерісі әсер етті. Бұл секторда тауарлы-материалдық қорлардың көлемі азаюына байланысты индекс **49,6** (наурызда – 52,9) болып, теріс аймаққа өтті. Құрылыста да көрсеткіштің нашарлағаны байқалып, іскерлік белсенділік (наурыздағы 53,3-тен) **50,4-ке** дейін баяулады. Алайда, индекс өсу аймағында қалды. Қызмет көрсету секторында көрсеткіштің аздап жақсарғаны (наурыздағы 51,7-ден **52,0-ге** дейін) байқалды. Тау-кен өнеркәсібінде көрсеткіш әлі де теріс аймақта болғанымен, (наурыздағы 48,6-дан) **49,8-ге** дейін жақсара түсті. Ұзақ жеткізу мерзімі барлық сектор үшін іскерлік белсенділікті тежейтін фактор болып қалып отыр.



Қазіргі және болашақ бизнес жүргізу жағдайларының аздап төмендеуіне қарамастан, бизнес-ахуал индексі оң мәнге ие. Индекстің төмендеуі қызмет көрсетуден басқа барлық секторда байқалды.

Осылайша, **қазіргі және болашақ** бизнес-жағдайлардың орташа бағалауы болып табылатын **бизнес-ахуал индексі** 14,3-ті (2023 жылғы наурызда – 16,5) құрап, бизнес-цикл «сағатының» индикаторы **өсу** аймағында қалды.

Толығырақ: <https://nationalbank.kz/kz/page/indeks-delovoy-aktivnosti-po-kazahstanu-ida>